

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 тамыздағы N 921 қаулысы

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамының тиімді жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "ҰАТ" ЖАҚ) оған тиесілі акцияларының пакетін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне сенімгерлік басқаруға беру ұсынылсын; <*>

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) "ҰАТ" ЖАҚ акцияларының пакетін сенімгерлік басқаруға қабылдап алсын;

2) "ҰАТ" ЖАҚ-тың қаржы-шаруашылық қызметіне аудит жүргізілуін қамтамасыз е т с і н ;

3) "ҰАТ" ЖАҚ Директорлар кеңесінің құрамы жөнінде ұсыныс енгізісін;

4) < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 қыркүйектегі N 949 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп "ҰАТ" ЖАҚ акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне берсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. "ҰАТ" ЖАҚ (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі акцияларының құнын анықтау үшін тәуелсіз бағалаушыларды тарта отырып, активтерді бағалауды жүргізуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына : көрсетілген қаулымен бекітілсін Иелік ету және пайдалану құқығы салалық

министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне" деген бөлімінде:

реттік нөмірі 160-1-жол алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне" деген бөліммен және мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 265-жолмен толықтырылсын: "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне 265 "Ұлттық ақпараттық технологиялар" Ж А Қ " ;

2) "Акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (ұлттық компаниялардың) кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 тамыздағы N 1098 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 30, 389-құжат).

1 - т а р м а қ т а :

"(бұдан әрі - Министрліктер)" деген сөздерден кейін "және өзге де мемлекеттік органдар" деген сөздермен толықтырылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі